



12 мамыр, сәрсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласындағы гимназияда ресейлік оқушылардың қаза табуына байланысты Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге көңіл айты.

— Осынау қиын-қыстау сәтте балалары қайтыс болған отбасылардың ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын, — делінген жеделхатта.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Татарстан астанасындағы мектепке қарулы шабуыл жасалып, адамдардың қаза табуына байланысты Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қазан қаласының №175 мектебінде болған трагедия салдарынан балалар мен ересек адамдардың опат болғаны туралы қайғылы хабарды күйзеліспен қабылдадым. Қаза тапқандардың туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын. Зардап шеккендердің тезірек сауығып, отбасыларына оралуына тілектеспін», — делінген жеделхатта.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Сонау XV ғасырдың орта шені, Керей мен Жәнібек хандардың тұсында 200 мың адам болған Қазақ хандығының саны Қасым хан тұсында 1 млн адамға жеткен. Ал, 1830 жылы, яғни 300 жылдай уақыт өткенде бар болғаны 1,5 есеге ғана өсті. Халықтың баяу өсуінің негізгі себебі жұт жылдарындағы орасан көп адам шығыны болатын. Одан бөлек, жонғарлармен шайқаста миллиондаған адам шейіт болған. Осы шығынды қалыпқа келтіру үшін, яғни, халықтың табиғи өсіп-жетілуіне 75 жылдай уақыт өткен. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан халқының өсімі жайлы деректерге шолу жасаған едік.

Газиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

ДЕМОГРАФИЯ: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

XX ғасырдағы
жағдай

Әлеуметтік-саяси, экономикалық үрдістер республика халқының құрамында, оның табиғи қозғалысы, көші-қон процестері, әлеуметтік құрылымы және басқа да көрсеткіштерінің өзгерістері демографиялық дағдарыс сипатында көрінді. Мысалы, 1937 жылы республика халқы 1926 жылғы санақпен салыстырғанда 1,3 есе, соның ішінде, қазақтар 1,7 есе, украиндар 1,6, өзбектер 1,9, қырғыздар 2,1, басқа да ұлт өкілдері 1,6 есе кемісе, елге сырттан қоныс аудару саясатының пәрменді жүргізілуіне байланысты орыстар 1,5 есе, немістер 1,6, татарлар 1,1 есе көбейген. КСРО-дағы халық санының жоғарылауына денгейден 11 миллионға кемігенін көрсеткен 1937 жылғы санақ кеңес өкіметінің 1917-1933 жылдары жүргізген саясатының демографиялық дағдарыстарға әкелгенін хабарлар етеді.

Сондай демографиялық дағдарыс 1939-1959 жылдар аралығында да орын алған. Сол жылдар аралығында кеңес өкіметінің сыналап жүргізген көші-қон саясатының нәти-

жесінде, қазақтардың өз жеріндегі үлесі де мүшкіл жағдайды бастан кешкен. Осы орайда айта кететін жайт, 1950-жылдардан бастап, халықтың 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы салдарынан төмендеп кеткен саны мен табиғи өсімін көтеру мақсатында кеңес өкіметі тарапынан бірқатар әлеуметтік жағдайлар жасалған. Атап айтқанда, он жылдық білім енгізілді, жалақы мөлшері өсті, ауруханалар, тұрғын үйлер салу қолға алынды, жүкті әйелдерге жағдай жасалып, балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы енгізілді, тегін дәрігерлік көмек халықтың барлық әлеуметтік тобына қызмет етті. Міне, осы жағдайлар 1960-1962 жылдары Қазақстандағы «демографиялық жарылысқа» мүмкіндік туғызып, халық бірден 22-25% аралығында өскен.

Осы деректі негізге ала отырып, елдегі демограф-ғалымдар бүгінгі таңда жоғарыда айтылғандай жан-жақты әлеуметтік қолдау шаралары жүзеге асырылмаса халық санының кему қаупі туындағанын жасирмайды.

2-бет



Іргелі ұжымның ілгері қадамы

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінде болды. Алдымен серіктестікке қарасты баспахана жұмысымен танысып, жақында ашылған кітап өндірісіне куә болды. Оған соң журналистер музейіндегі сырбойылық каламгерлер туралы дерекке қанықты.

Сп Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Баспахананы медиахолдингтің басты жетістігі деуге болады. Бұрын әрқайсысы өзінше бөлек шығатын жергілікті газеттер 2013 жылдан бері осында жарыққа шығып келеді. «CityLine» баспа машинасы сағатына 35 мың дана газетті басып шығаруға қауқарлы. Серіктестіктің ғана емес, Жезқазған, Атырау, Сәтбаев қалалық басылымдары да осы жерден оқырман қолына тиеті. Оның ішінде «Егемен Қазақстанның» қызылордалықтардың қолына тиетін бөлігі де бар.

«Сыр медиа» академиясы залындағы шығармашылық ұжыммен кездесуде серіктестіктің бас директоры Аманжол Онғарбаев бірқатар басылымды бір шаңырақ астына біріктірген медиахолдингтің он жылдан астам уақыт бедеріндегі белесіне шолу жасады.

— Әуелгіде қарамағымызда облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттері ғана болды. Кейін шығармашылық құрам «Қызылорда ньюс», «Ақмешіт жастары» басылымдарымен толықты. 2013 жылдың басында жана ғимаратқа көштік. Сол жылдан бастап қатарымызға қалалық, аудандық ресми басылымдар қосылды. Содан бері редакциялардың қаржылық, материалдық-техникалық әлеуеті күшейді. Бүгінде «Сыр медиа» — газеттерді жаздыру, басу, тарату қызметін қатар жүргізіп отырған республикадағы бірден-бір іргелі ұжым. Бұл — мемлекеттік-ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру бағытында қолға алынған бастаманың жемісі, — деді Аманжол Сақыпұлы.

«Сыр медиа» ЖШС құрылған 2010 жылы штат бірлігі



90-ға да жетпейтін. Қазір серіктестік құрылымында қызмет жасайтындар саны 580-ге жетіп жығылады. Оған қарасты облыстық, қалалық, аудандық газеттер мен «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігі Елбасы мен Мемлекет басшысы бастамашысы саналатын бағдарламаларды,

мемлекеттік тапсырыс аясында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты барлық саладағы іс-шараларды бұқара санасына сіңіруге үздіксіз үлес қосып жүр. Одан бөлек, оқырман басылым сайттары арқылы дер кезінде анық әрі сапалы ақпаратпен таныса алады.

— Газеттер А2 форматында түрлі-түсті бояумен шығады. Еліміздің көптеген аудандық газетімен салыстырғанда бұл — біздің үлкен жетістігіміз. Бұған дейін аудан әкімдігінің қаулы-қарарын, жиналыс шешімдерін басудан әрі аспайтын аудандық басылымдардың көркемдік деңгейі, мазмұны мен сапасы артты. Өйткені қазіргі күні өзекті тақырыптарды қозғап, оқырман ойынан шығу — басты міндет. Бас редакторлардың, тілшілердің, дизайнерлердің білімін жетілдіру, республикадағы алдыңғы қатарлы медиа-талымдарға тәжірибе алмасу, оларды кәсіби тұрғыда шыңдау мақсатында Астана, Алматы қалаларына, Ресей астанасы — Мәскеуге іссапар ұйымдастырылды, — деді серіктестік басшысы.

Таралым жөнінен де серіктестік басылымдары — алдыңғы орында. Облыстық «Сыр бойы» — 30 мыңға, «Қызылординские вести», «Ақмешіт жастары» — 10 мыңға жуық, қалалық және аудандық газеттер шамамен 3-7 мың аралығында жарыққа шығып келеді.

2-бет



2-бет

● ӘРІПТЕСТІК

Нұр-Сұлтан мен Мәскеу қалаларында Азаматтық бастамалар форумына ауқымды дайындық басталды. Форум 2021 жылдың қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында басталып, екі елдің азаматтық қоғамы арасындағы байланысты бекіту және дамыту саласында жұмыс істейтін Қазақстан мен Ресейдің қоғам белсенділерін өз алаңында жинайды.

Форумға дайындық басталды

Қазақстандық және ресейлік ұйымдастырушылар форумға дайындықты бастап кетті: 2021 жылдың 30 сәуірінде Мәскеуде «Дом народов России» алаңында «Достық стратегиясы: Ресей мен Қазақстанның азаматтық қоғам институттарының өзара қарым-қатынасының келешегі» атты бейнеконференция форматында сараптау талқысы өтті.

Сараптау талқысын ашқан «Север-Юг» саясаттану орталығының директоры Анжелика Трапезникова 2021 жылдың сәуірінде Ресейдің бірқатар қалаларында Ресей мен Қазақстанның коммерциялық емес сектор өкілдері екі елдің азаматтық қоғамының өзара қарым-қатынасына арналған бірқатар іс-шаралар өткізгенін айтып берді.

— Іс-шаралар арасынан волонтерлік, этномәдени ағарту, жастар арасында ксенофобияның алдын алу саласындағы үздік жобалар тандалып алынды. Бұл іс-шаралардың барлығы да биыл қыркүйек айында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін Ресей-Қазақстан азаматтық бастамалар форумы алаңында көрсетілетін болады. Сараптау отырысы — аталған циклдарды түйіндеу шарасы. Іс-шараларға Мәскеу, Саратов, Самара, Ижевск, Омбы, Орынбор, Екатеринбург, Новосибир, Астрахан, Томск, Кемерово, Нұр-Сұлтан, Алматы, Петропавл, Атырау, Ақтөбе, Орал, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Ташкент қалаларының қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатысты, — деді А.Трапезникова.

2-бет

● ЕКПЕ АЛ!

«Жасыл» жауапкершілікті жеңілдетпейді

Кейінгі күндері өңір коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық ахуалын бағалау матрицасы бойынша «сары аймақтан» «жасылға» ауысты.

Сп Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Карантин талабы
жеңілдей ме?

Коронавируспен күрес басталғалы «жасыл», «сары», «қызыл аймақ» ұғымы көпшілікке жақсы таныс. Өткен айда эпидемиологиялық күрделеніп, облыс «қызыл аймақ» қатарына кірсе, 6 мамыр күні «сарыға» ауысты. Бірінше күннен кейін ахуалдың мұндай да жақсара түскені белгілі болды.

Жайбаракат жүруге болмаса да, «жасыл аймақ» санаты жағдайдың тұрақты екенін білдіреді. Бұл орайда «Күшейтілген карантин талаптары енді жеңілдетіле ме?» деген сұрақтың болуы орынды. ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулысына сәйкес «сары аймақтан» «жасыл аймаққа» ауысқан жағдайда карантин шараларын жеңілдету 7 күннен кейін жүргізіледі. Сондықтан, әлеуметтік-экономикалық нысандардың жұмыс кестесі облыстың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №8, 9

және 13 қаулыларына сәйкес жүзеге асырылады. Өткен айда облыста «Ashyq» жобасы іске қосылды. Пандемия басталғалы жұмысы тоқтап, содан кейін мүлде іске қосылмаған кәсіпкерлік нысандары жобаға қосылу арқылы қайта жанданды. Бұл ретте келушінің кәсіпкерлік орталығына кіру-кірмеуі «Ashyq» мобильді қосымшасы арқылы анықталған ковид-статусына байланысты. ПТР тест нәтижесінде вирус жұқтырғаны расталған және наукаспен

байланыста болған адамдар, өкінішке қарай, ғимаратқа кіре алмайды. Мұндағы мақсат — коронавирустың таралуына жол бермеу. Айта кету керек, «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік нысандары Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қолданыстағы №18 қаулысында көрсетілген өлшемшарттар бойынша қызмет көрсетуді жалғастыра береді.

Эпидемиологиялық жақсаруына не әсер етті?

Мамандар бірінші кезекте, вакциналау жұмысы нәтиже көрсете бастағанын хабарлады. Еліміз бойынша 1 ақпаннан бері ерікті түрде коронавирускә қарсы вакциналау жұмысы жүргізілуде.



Алдымен медицина мамандарына, мұнан кейін мұғалімдерге және жұқтыру қаупі неғұрлым жоғары болып саналатын жұмыс орындарының қызметкерлеріне салынды. Аралау ашылған астам уақыт өтті. Вакцина салдырған педагогтар екенден кейін коронавирус жұқтырмаған. Демек, вакцина дерттің таралуына бөгет қоя бастады.

Екінші себеп, қауіпсіздік талаптарының күшейтілуі, адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауы. Байқансыз, сәуір айында коронавируспен науқастанғандар күрт көбейді. Оның себебі де жоқ емес. Мейрамы мол наурызда ел арқа-жарқа той тойлап, емен-жарқын дидарласып, қонаққа бару жиілейтін белгілі. Бірақ ережені елемейді салдары ұзамай байқалып, індет ілмеген талайлар ілініп, COVID-19 көп адамның өміріне қауіп төндірді.

Ал вакцина мен сақтық шараларының қайта күшейтілуі «жасыл аймаққа» өтуімізге жол ашты. Бірақ бұл ережені енді ескермесе де болады деуге негіз емес. Өңірдегі эпидемиология байланысты көрсеткіш құбылып отыратынын, кез келген уақытта ауысу қаупі бар екенін ұмытпаған абзал. Сондықтан еркінсуге әлі ерте, қауіпсіздік талабына бейқам қарамау қажет.

12 МАМЫР

• 2003 жылы Шымкенттегі әскери әуежайда «Амур» жана радиолокациялық құрылғысының таныстырылымы өтті. Оның іске қосылуымен «Казаронавигация» РММ ОКӨ әуесін бақылау мүмкіндігіне ие болды. Оған дейін облыстың әуе кеңістігін Ташкент әуежайы бақылап отыратын. Құрылы 230 км радиуста 12000 метр биіктікке дейінгі кеңістікті бақылауға мүмкіндік берді.

• 2005 жылы Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы қазақстандық жауынгерлерге ескерткіш ашылды. Іс-шара М.Әуезов атындағы орта мектептің алаңында өтті. Соғыс жылдары Кеңес Одағының Батыры атанған 500 қазақстандықтың 70-і Беларусьті фашистік басқыншылардан азат ету барысында атак алған, сондай-ақ осы елде 14 000 қазақстандық жауынгер қаза тапқан.

• 2007 жылы Түрікменбашы қаласында өткен ұшжақты саммитте Қазақстан, Ресей және Түрікменстан Президенттері — Нұрсұлтан Назарбаев, Владимир Путин және Гурбангулы Бердімұхамедов Каспий газ құбырын салу туралы бірлескен декларацияны қабылдады. Газ құбыры Каспий жағалауын бойлай, Қазақстан мен Ресей, Түрікменстан аумағы арқылы өтетін болып межеленді.

• 2017 жылы Маңғыстау облысында алғаш рет Айрақты-Шомаңай аңғарында геоглифтер галереясы пайда болды. Оларды маңғыстаулық археолог Андрей Астафьев құрастырды. Олардың өлшемдері әртүрлі, ең үлкені 350 метрге 270 метр келеді.


13 МАМЫР

• 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Финляндия Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты бекіту туралы келісім жасалды.

• 2002 жылы Қазақстан Ядролық жеткізушілер тобының (ЯЖТ) 40-шы мүшесі болып қабылданды. Қазақстанның ЯЖТ-ға қатысуының мақсаты — ланкестікке қарсы шараларды күшейту, жаппай қырқып-жою қаруларының таратылуына қарсы әрекет ету, ядролық материалдарды және қос мақсаттағы өнімдердің пайдаланылуы мен тасымалдануына бақылауды күшейту.

• 2010 жылы Қазақстанда экспорт және инвестициялар бойынша «KAZ-NEX INVEST» ұлттық агенттігі құрылды. Жана құрылған органның негізгі мақсаты — экспортты дамыту және жылжытумен қатар, Қазақстан экономикасына тікелей инвестиция тарту.

• 2011 жылы Қазақстанда алғаш рет «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ-да науқасқа жүректің жасанды қарыншасын имплантациялау жүргізілді.



– Быттыр ел экономикасына оңай тиген жок. Пандемия бир аз саланы туралатты. Аёйресе, шағын жөне орта бизнес субъекттерге катты зардан шекті. Дер кезіндегі мемлекеттік колдау шараларының аркасында тилыгырыктан шыгып, кулдыраудың алдын алу мүмкін болды. Жумьсысыздык денгее-ин шарыктатпаудың бирден-бир жолы ретинде «Ауыл – ел бесигі», «Жумьспен камтуудың жол картасы» бағдарламаларын айтар едік. Курылган жумьсы орындырынын басым бөлігі уакытта сипатта болганымен, кез сол кезенде ол нақты табыс көзі еді. Бағдарлама-

– 445, Кете Жүсіп Ешниязұлының
– 150, Ыбырай Жақаевтың – 130,
Роза Бағланованың 100 жылдық
мерейтоларымен тұспа-тұс келіп
отыр. Президент айтқандай, мұн-
дай шаралар құр даңғазалықпен,
ысырапшылдықпен өтпеуі тиіс.
Керісінше, оны танымдық-ұлағат-
тық дүниелер аясында жүзеге асы-
руымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы осы ретте тілшілер қауымын аталған мерейтойларды лайықты деңгейде бірлесе атап өтуге атсалысуға және оған барынша ақпараттық қолдау көрсетуіне шақырды.

Оның ішінде «Тәуелсіздік қарлығаштары» сериясымен тандаулы 30 кітап, ардагер фототіліші Болат Омаралиевтің фотоальбомын, «Еңбек адамы» энциклопедиясын, «Qyzylorda» ақпараттық-имидждік журналын шығару, тәуелсіздік жылдарындағы өңір жетістіктерін насихаттайтын «Тәуелсіздік – тұғырым» байқауын ұйымдастыру ойда бар.

лар аясында құны 44 млрд теңгеден жоғары 300-ден астам жоба жүзеге асырылды, – деді облыс басшысы.

Жийында «COVID-19» инфекциясы бойынша эпидемиологиялык ахуал назардан тыс калган жок. Бүгүндө әлемде коронавирус жүктүргөндөр саны 150 миллионнан асты. Соңгы бір аптаның өзінде кауіпті індет кесірінен 93 мыңдай адам көз жұмды. Оған тйыстары беру амалы ретінде елімізде 1 ақпанда вакцинадау науқаны басталғаны белгілі. Қазіргі күні екеп салдырған қызылордалықтар

кеңінен ашып жеткізу маңызды. Екіншіден, әр он жылда бір кет-
летін, ал биыл онлайн режимде өт-
кізілетін ұлттық халық санағында
әрбір азаматтың жауапкершілігін
жіті түсіндіру керек. Дәстүрлі нау-
қан азаматтардың әл-ауқаты мен
қуатты экономика бойынша негізгі
басымдықтарды анықтауға көмек-
теседі.

– Сыр өңірі – қазақылығымен ерекшеленетін мәдени-рухани орда. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы аймақтың беткеұстар тарихи тұлғалары Жалантөс баһадүрдің



туальды қайта түсініктеуді қажет ететін халықтану мәселесінің өзекті салалары сараланды.

ҚР ҰМ Статистика комитетінің төрағасы Н.Айдапқасовтің Baq Kz сайтына берген сұхбатында 2021 жылы елімізде тұрғындар саны 19 млн-ға жететіні айтылған.

Комитет төрағасының айтуынша, бүгінгі таңда Қазақстандағы халық санын онлайн есептеушіні арқылы бақылауға болады. Қазақстандық есептеушінің артықшылығы – негізгі деректер ай сайын жаңартылады екен.

Осы орайда еліміздің демограф-галымдарының зерттеуіне назар салсақ, бес жыл бұрын, яғни, 2016 жылы 400 мың бала өмірге келген. Іә, бұл – Тәуелсіздіктің осы кезеге дейінгі тарихында ең көп көрсеткіш. Десек те, бала туу жөнінен рекордтық көрсеткіш 1987 жылы болған. Бұл жылы Қазақстанда 417 мың бала дүниеге келген екен.

Айта кетейік, осыдан он жыл бұрын, 2011 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан халқының саны – 16 441 959 адамды құраса, 2021 жылы 1 ақпанға еліміздегі халық саны –18 897,9 мың адам болып отыр.

Демография: ғылыми негізделген тұжырымдар

Қазақстан демографиясының тарихнамасы өз бастауын Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнен алады. Осы кезеңде орыс зерттеушілері көптеген құнды деректерді ғылыми айналымға тартқанымен, зерттеу барысында үлшеңдеркәйыл мүддені бірінші кезекке қойған, соған сай қызмет етуге тырысқаны белгілі. Бұған байланысты, яғни, патшалық үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясаты қазақ халқының күйзеліске ұшыраып, өз елінде қазақтардың үлесін азайтып келе жатқандығы XX ғасырдың басында Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Тынышпаев, М.Дулатов секілді Алаш қозғалысы қайраткерлерінің еңбектерінде өткір сынаға алынған.

Әйтсе де, тек 1980-жылдары басталған жариялылық пен демократияландыру кезінде Қазақстан

**Тәуелсіздік
жылдарындағы
облыс
халқының өсімі**

Статистика департаментінің әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасының басшысы Күләйхан Снасапованың берген мәліметі бойынша 1991 жылы облыс халқының саны 592,4 мың адамды құраған. Бұл көрсеткіш биыл, яғни, 2021 жылдың басына 814,6 мың адам болып отыр.

– Өңіріне, алдағы өтетін мемлекеттік санақтан соң халық санының нақты көрсеткіші анықталады. Ал бала туу көрсеткіші бойынша 1991 жылы 18,3 мың бала өмірге келсе, одан кейінгі жылдары көрсеткіш біршама төмендеп, 2015 жылға қарай бала туу көрсеткіші қайтадан көбейген. Ал өткен жылы дүниеге келген сәбилер саны 21,8 мың балаға жетіп отыр. Сол сияқты, 1991 жылы адам өлімі 4,5 мың болса, 1993–1995 жылдар аралығында қайтыс болғандар саны көбейген, 2015 жылдардан бері қарай біршама азайып, 2019 жылы 4,5 мың адамды құраған, яғни 1991 жылғы көрсеткішпен бірдей. Бұдан шығатын қорытынды: жыл сайын адам өлімі азайып, орташа өмір сүру саны ұлғайып келеді деген сөз, – дейді К. Снасапова.

Әйтсе де, 2020 жылы қайтыс болғандар саны бірден 6 мың адамға жетті. Бұл ретте көрсеткіштің күрт артып отырғаны – әлемді әбігерге салған індеттің әсері екені белгілі.

Айта кетейік, 2021 жылдың басындағы деректерге қарағанда, аймақ тұрғындарының орташа жасы 29-ды құрап отыр. Бұл да біз үшін қуанышты жағдай, яғни, жас тұрғындар саны артып келеді.

Байқап қарасақ, Тәуелсіздік жылдарында аймақ тұрғындарының саны тура 222,5 мың адамға көбейген екен. Жоғарыда деректерде айтып өткеніміздей, жыл сайын орта есеппен 21 мың бала өмірге келетін болса, облыс халқының саны 2030 жылға қарай 1 млн-нан асып түсетініне үміт бар.

Халық санағы қашан өтеді?

Халық санағы – бірнеше жылға жоспарланатын, кең масштабтағы саяси іс-шара. Бұл шара аясында республика халқы жөнінде салыстырмалы толық әрі объективті ақпараттар алынып, белгілі бір кезең аралығындағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жоспар жасалады.

Өздеріңізге белгілі, Ұлттық халық санағы 2020 жылы өткізілуі тиіс болатын. Бірақ әлемде орын алған COVID-19 пандемиясына байланысты Қазақстан Республикасының барлық аумағында төтенше жағдай жарияланып, карантиндік шаралар енгізілді. Сол себептен Халық санағы 2021 жылдың қыркүйек-қазан айларында өткізіледі деп жоспарлануда.

Санақ екі кезеңнен тұрады: I кезең 1-30 маусым аралығында тұрғын жайларды нақтылау бойынша өткізіледі. Аралау нәтижесі бойынша санақ учаскелеріне бөлінеді. Ал II кезең 1 қыркүйек – 30 қазан аралығында тұрғындарды жаппай халық санағынан өткізу жұмыстары жүргізіледі. Бір ерекшелігі биылғы халық санағы электронды форматта өтеді.

Ұлттық халық санағын өткізу жөніндегі ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы №419 қаулысымен, Қызылорда өңірінде ұлттық санақ өткізуге жәрдемдесу жөніндегі өңірлік комиссиясы құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ресей Федерациясы Қоғамдық палатасының Қазақстандағы негізгі серіктесі, Қазақстан Республикасының Азаматтық Альянсының директоры Бану Нұрғазиева ресейлік әріптестерімен жүргізілген жұмыстар жөніндегі әсерімен бөлісті:

— Биылгы сәуір айы Азаматтық Альянстың ресейлік әріптестерімен серіктестік байланыстарын үйлестіру бағытындағы жұмыстардың қызу жүрген кезі болды. Біз Ресейдің орталық және Сібір мен Орал аймақтарындағы қоғамдық ұйымдармен бірлескен шаралар өткіздік. Карантин енгізілгеннен бері алғаш рет «Орал-Евразия» сарапшылар клубы Қостанай қаласында өткізген «Целина-2020» конвенді аясындағы қазақстандық-ресейлік офлайн шаралар үлкен әсер қалдырды. Азаматтық Альянс ресейлік әріптестерімен гуманитарлық бағыттағы жобаларды шекара аумағындағы аймақтар да, жалпы республикалық деңгейде де тереңдеті дамытуға мүдделі, — деп атап өтті Б.Нұрғалина.

Үлгілер ісі жөніндегі федералдық агенттік жетекшісінің кеңесшісі Михаил Мишин Агенттік пен Қазақстан халқы ассамблеясы қарым-қатынасын үйлестіретін меморандум туралы еске салып өтіп, Қазақстанның мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарымен ұлтаралық келісімді нығайту саласында тәжірибе алмасуға дайын екенін мәлімдеді.

«Орал-Евразия» сарапшылар клубының атқарушы директоры Константин Погорельский жыл бойы атқарған тәжірибесін бөлісіп, оның қорытындысымен ресейлік-қазақстандық «Целина-2020» конвеніент Президенттік гранттар қоры қолдағанын жеткізді.

Ең дұрысы, бұл Қазақстан мен Ресейдегі әртүрлі гранттық операторлар өкілдерінің бір-бірімен мемлекетаралық өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін талқылауы үшін, екінші жағынан, қоғам белсенділері операторлар жұмысы туралы кеңінен хабардар болуы үшін өкілзінетін кездесу болуы керек. Үшінші іргелі бағыт – ҰЕҰ мен еріктілер ұйымдарының өзара іс-қимылы. Сондай-ақ форумда спикерлер құрамы жаңарғанын, жаңа тұлғаларды пайда болғанын қалаймын, – деді Ө.Тәжібаев.

Сарапшылар кенесінің жұмысына Ресей мен Қазақстанның ірі қоғамдық бір-

— Екі жыл бұрын Қазақстан-Ресей шекара аймағындағы қоғамдық ұйымдар арасында байланыс орнату бойынша жұмыс бастадық. Мұндағы басты міндеттердің бірі ең алдымен Ресейдің шекаралас ұйымдарын біріктіру болды. Біз бұл тапсырманы Ресей бөлігінде Астраханнан Новосибирске дейінгі ұйымдар қатысқан, яғни Қазақстанмен ортақ шекара сызығы түгел қамтылған конвент барысында орындадық. Содан кейін, осы ұйымдардың нақты жобаларымен бұрынғы серіктестерімізге, Қостанайдағы Динара Әтебаева жетекшілік ететін «Грин» Азаматтық Альянсына бардық. Бұл ретте Азаматтық Альянстың президенті Бану Ғаңикзына алғысмыз шексіз. Оның бастамасымен біздің шекара ұйымдарының форумының географиялық ауқымы кеңейіп, бүкіл Қазақстанды қамтыды. Бұл біздің барлық қызметімізге мүлде жаңа серпін берді. Азаматтық бастамалар қолдау орталығының Лима Диастың басылығыммен ҰЕУ академиясын құрудағы өз тәжірибесін айрықша атап өткім келеді. Сол арқылы қоғамдық ұйымдар ресурстары және кішімілік қолдау алады. Қостанайда өткен конвентте біздің елдеріміздің шекаралық ҰЕУ-лары үшін осындай академия құру туралы ұсыныс жасалды. Бұл мемлекетаралық жобаны жүзеге асыруда Азаматтық бастамалар қолдау орталығының тәжірибесі өте маңызды, — деп өз пікірін білдірді К.Погорельский.

Пікірталастың екінші кезеңінде: Қазақстан Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева (Нұр-Сұлтан, ҚР); Ұлттар ісі жөніндегі федералдық агенттік басшысының кенесшісі Михаил Мишин; Ұлттар ісі жөніндегі федералдық агенттіктің ұлттық біртектілік нығайту және этникалық экстремизмнің алдын алу дирекциясының бастығы Тимур Чибиков (Мәскеу, РФ); Ресей Федерациясы Қоғамдық палатасының этносаралық және дінаралық қатынастарды үйлестіру жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары, Ресей мұсылмандары рухани жиналысының басшысы, Ресей мұсылмандары рухани жиналысының мүфті Альбир Крганов; Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының төрайымы Лима Диас (Нұр-Сұлтан, ҚР); «Север-Юг» Саясаттану орталығының атқарушы директоры Анжелика Трапезникова (Мәскеу, РФ); «Орал-Евразия» сарапшылар клубының атқарушы директоры Константин Погорельский (Екатеринбург, РФ); Қазақстан Азаматтық Альянсының директоры Әлібек Тәжібаев (Нұр-Сұлтан, ҚР); Қостанай облысы «Грин» Азаматтық Альянсының төрайымы Динара Әтебаева (Қостанай, ҚР) және басқару қатысты.

Сарапшылар кенесін «Север-Юг» Саясаттану орталығы (Мәскеу, Ресей), Қазақстанның Азаматтық Альянсы (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Ресей Федерациясының Қоғамдық палатасы және Ұлттар ісі жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары, Ресей мұсылмандары рухани жиналысының басшысы, Ресей мұсылмандары рухани жиналысының мүфті Альбир Крганов; Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының төрайымы Лима Диас (Нұр-Сұлтан, ҚР); «Север-Юг» Саясаттану орталығының атқарушы директоры Анжелика Трапезникова (Мәскеу, РФ); «Орал-Евразия» сарапшылар клубының атқарушы директоры Константин Погорельский (Екатеринбург, РФ); Қазақстан Азаматтық Альянсының директоры Әлібек Тәжібаев (Нұр-Сұлтан, ҚР); Қостанай облысы «Грин» Азаматтық Альянсының төрайымы Динара Әтебаева (Қостанай, ҚР) және басқару қатысты.

● КӨКТЕМГІ ҚАРЕКЕТ



ЕГІНЖАЙДАҒЫ ЕҢБЕК ЕКПІН АЛДЫ

Облыс бойынша биыл 188,2 мың гектар егін егу межеленіп отыр. Оның ішінде негізгі дақыл – күріш көлемі 84 мың гектардан асады. Ал, жалпы дәнді дақыл 96,6 мың, майлы дақыл 6,7 мың, мапалздықтқ 66,4 мың гектарға егіледі деген жоспар бар. Бұдан бөлек, 18,5 мың гектар картоп, көкөніс, бақша дақылдары егіледі. Биыл 98 гектар соя, 40 гектар қант құмайы және 66 гектарға жеміс-жидек, жүзім отырғызу да жоспарға енген.

Sb Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Қазір еңбеккерлер дала қосының шауасын қыздырып жатыр. Жаңа жоңышқа, ақсары, жаздық бидай мен арпа, сұлы, ант құмайы толық егілді. Ал, соя, жүгері, артоп пен көкөніс, бақша өнімдерін егу ұмыстары аяқталуға жакын.

Сырдың басты дақылы – күріш егу 23 өуірде басталды. Бүгінге дейін 38478 гектар жерге дән себілген. Оның 28579 гектары суға бастырылды. Мұнда да жұмыс арқынды.

Айта кету керек, егістікке қажетті ұқым толық қамтамасыз етілген. Ал минералды тыңайтқыштың 90 проценттен астамы, қажетті гербицидтердің 24,7 мың тоннасы сатып алынған.

Өз кезегінде ауыл шаруашылығы техникалары толық дайын болды. Биыл өктемгі егінге 12,8 мың тонна арзандаылған дизель отыны бөлінген. Шаруашылықтарға жанар-жағармайдың литрі 64 теңгенден таратылып жатыр.

Өткен жылы бекітілген ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру сызбасына сәйкес егінді тұрақты суаруға 4,2 млрд текше метр су қажет.

9 мамырдағы мәлімет бойынша «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына бар болғаны 85 текше метр су түседі. Қоймадағы су көлемі 4,6 млрд текше метрді құрап, төменгі ағысқа секундына 250 текше метр су босатылуда. Ал «Көксарай» су реттегішінде 1,6 млрд текше метр су жиналған. Енді «Шардара» мен «Көксарайды» қосқанда 6,2 млрд текше метр су бар, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 41 млн текше метр аз.

Әу бастан Сырдың суы тапшы болады деп болжанды. Соған сәйкес күріш көлемі 5 мың гектарға қысқартылғаны белгілі. Енді оның орнына суды аз қажет ететін 9 мың гектар дақылдар егілуде. Бұл – әртар-аптапандыру мақсатындағы әрекет.

● АПЫРАЙ, Ә!

Қытай халқы 1,41 миллиардқа жетті

– Тұрғындар саны 72,05 миллионға артып, жыл сайынғы орташа өсім 0,53% болған. – деп буюм мәліметтерін келтірді РИА Новости.

Қытай тарихындағы жетінші халық санағы 2020 жылдың 1 қарашасынан 10 желтоқсан аралығында өткен. Онда елдің континентальды бөлігі Гонконг, Макао, Тайвань халқы, сырт елдердегі дипломаттар, студенттер, іссапардағы қызметкерлер және Қытайда тұратын шетел азаматтары есептелді. Бұл тізімге қысқа мерзімді іссапарда жүргендер мен туристер енгізілмеген.

● МЕРЕЙ



ДҮНИЕ-САРАЙ ТӨР БЕРЕР ДИДАРЫ АШЫҚ КІСІГЕ

Кенестік дәуірде шаруашылық басқарып, қоғам өміріне белсене араласқан азаматтар туралы кейінгілердің «партияның солдаты болған кісілер ғой» деп біржақты баға беретіні бар. Бұл – өрескел қате түсінік. Етігімен су кешіп, еңсесімен жүк көтеріп, тулаққа айналған тұтан жердің кеудесіне жан салған солар. Бүгінгі ұрпақты еңбекке тәрбиелеп, аузын аққа жеткізіп, ел қатарына қосқан әкелердің жан сарайын ашып қарасамыз небір қиындық пен ауырлықтың арасынан қашып шығасыз. Сол жандардың берген болмысын сонда барып түсіне бастайсыз, бас тіпін құрмет тұтасыз.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Біз сөзімізге өзек қылып отырған еңбек ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Мәлкәйдар Дүйсенов те – бір өңірдің өркен жаюына, әлеуметтік әлеуеттенуіне ерекше үлес қосқан тұлға.

1972 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп, туған жеріне келіп еңбек жолын бастаған ол қырық жылдан аса халық игілігі үшін қызмет етіп, өткен өміріне айтар іс, айқын із қалдыра білді. Қазалы ауданындағы қазіргі Кәукей аулы ол кезде «Бозкөл» совхозының №2-фермасы еді. Сол фермаға кіші мал дәрігері болып барған жас маманды ферма зоотехнигі Алдаш Жәнібеков өз үйіне орналастырды. Ол замандағы адамдардың пейілі кең, тұтығынды түгендеп жатпайды. Мәлкәйдар осы үйдің бір мүшесі болып, бір жылға жуық жұмыс істеді. Тек өз мамандығын атқарып қоймады, ауыл жастары арасында спорттық жарыстар, көркемөнерпаздар байқауларын ұйымдастырды. Кейбір отбасылар кеш түссе оң жақтағы қыздарын үйден шығармайды екен. Оларды үйіне кіріп, ата-анасынан сұрап алатын. Осылайша, бұл ауылдағы бос тұрған қолб ойын-сауық отауына айналып шыға келді. Тіпті, ауыл адамдары өз балаларының бойында әртүрлі өнер бар екенін сол кезде сезіп, қызға тамашалады. Бір ғажайып, тоғыз жыл перзент көтермеген Алдаш ағаның әйелі сол жылы «Құтты бала» атанды. Жас маманның қарым-қабілетін, көпшіліктің көрген басшылар оны көп ұзамай, «Октябрь» совхозына бас мал

дәрігері қылып жіберді. Осы жұмысты Мәкен тоғыз жыл істеп, тәжірибе жинады. Жұқпалы ауруларды болдырмау, мал шығынына жол бермеу, өнімді арттыру секілді міндеттерді жаңашыл бастамалардың ұйытқысы бола жүріп, мейлінше біліктілікпен орындады. Оның жұмыс басында қона жүріп атқарған қызметі ақыры әрі қарайғы өсу жолына алып келді. 1981 жылы Мәлкәйдар совхоздың кәсіподақ комитеті төрағасы болып бекіді. Өзіне не тапсырылса, соны атқаруға жанын жалдап кірісетін жігіт кәсіподақ жұмысын жандандырып жіберді. Егін бригадалары арасында социалистік жарыстар ұйымдастырды. Жөнімпаздарды ылайықты марапаттауды басты орынға қойды. Бұл әдіс еңбек өнімділігінің артуына едәуір серпін берді.

Күз айының бір күні егістікте мектеп оқушылары күрішті комбайнның алдына салу жұмыстарын атқарып жатқан. Ол кезде қазіргейдей масақ қалдырмайтын әмбебап техника кейбір. Комбайндар сабағы жерге жатып қалған немесе атыз басына біткен күрішті ала алмайтын. Оқушылар соларды қол орақпен орып, комбайнның көмегіне салып берді.

Сол сәтте аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Жарылқасын Шәріпов егіс басына келе қалады, оқушылардың шашуа шықпай қызу жұмыс істеп жатқанын көреді. Кенестік заманда осындай жұмыстар мектеп оқушыларына міндеттелсе де, балалардың бұл жұмыстарды ықыласпен атқара қойуы екіталай еді. Сонда іс басында «профком» Дүйсенов

жүрген. Кәсіподақ комитеті төрағасының іскерлігін көрген басқарма бастығы екі күннен соң оған ферма меңгерушісі болуға ұсыныс жасады. Мәкен бірақ бұл ұсынысқа бірден келісе салмады. Көз алдына өзі көрген ферма меңгерушілері көлбеңдеді. Олардың мінезі қатал болатын, айқайы алты қырлан асады. Жұрт жолынан жылыстап кетеді. «Қой, менен ондай мінез шықпаса, бұл жұмыс қолыңнан келмейді» деп шешті. Бірақ, Мәлкәйдардың қолынан іс келетінін алыстан таныған Шәріпов өз ұсынысын аудан басшысына да жеткізеді. Сонымен, Мәкенді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қ.Табынбаев шақырып, тауарлы сүт фермасының меңгерушілігіне жібереді. «Партия кайда жұмсаса, сонда барасын» деп бір-ақ кеседі. Міне, қазіргінің адамдары айтатын «партия солдаты» деген сөз осы жерден шығады. Шынында, партия қадр саясатына өте жоғары деңгейде қарап, сатылап өсу қағидатын қатаң ұстады. Осындай жолмен қызмет атқарған адамдар елді көркейтеді, көтеруге ерекше күш-жігерін жұмсады.

Шәріповтің болжамы дұрыс шықты. Дүйсенов артқа қалған ферманы алға шығарды. Жоспардан тыс 500 центнер сүт өндірілді, әр жүз сиырдан 77 бұзау алынды. Мал төлін суықта өсуі қолға алған да осы ферма болатын. Олардың бұл тәжірибесі облысқа таратылды.

Ал, 1985 жылы М.Дүйсенов Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоздың партком хатшысы, 1989 жылы конкурстық өсіспен Ү.Түктібаев атындағы совхоздың ди-

ректоры болып сайланып, қызмет жасады. Директор болған жеті жыл ішінде совхоз барлық салада озық жүріп, ауданда бірінші орынды ешкімге берген жоқ. Шаруашылықта ізарылдық кіші сүт цехы жұмыс істеп, қалдықсыз сүт өнімдері өндірілді. 2500 гектар күріштің әр гектарынан 56-62,6 центнер дән терген диқандардың облыс алдындағы беделі биіктелді.

Мұндай жағдайда сүйінетін іске күйінетін кісілердің табылатыны да бір заңдылық па дерсіз. Шаруашылықтың алға басқан адымын кейін тартқандар да шықты. Түктібаев атындағы шаруашылықта күріштің өнімін көтеру үшін артық жер көлемі егілді деп прокуратураға арыз жазушылар табылды. Судың аяғында, тегістелген жері жоқ жоспарлы егіс көлемін егуге шамасы келе бермейтін бұл шаруашылықты артық екті деу ақылға сыймайтын. Тегістелмеген жерде егілген күріш көлемінің нақты есебін өлшеп шығару да оңай емес. Бұл мәселе аудандық жиында қаралып, жиында сөйлеушілер мән-жайды талдап айтты, түктібаевтықтарды қорғап шығады. «Аққа хақ жак» деген, Дүйсенов қай жұмысында да халықтың қолдауын, алғысын иеленді.

Ауданда әр жылдары Е.Көшербаев, Қ.Табынбаев, Ж.Шәріпов, Н.Мұсабаев, А.Көшербаев секілді білікті бірінші басшылардың қарамағында қызмет атқарды. Өз қызметіне адал, айналасына сыйлы, ортасына қадірлі болды.

1995-2000 жылдары аудан әкімінің бірінші орынбасарлығына жоғарылады. Осы жылдары ұйымдастырушылығымен, жанапшылығымен, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін жұртшылығымен жарқырай көрінді. Бес жылдық бірінші орынбасарлықтан кейін Азық-түлік келісім шарт корпорациясының №6 Астық базасының директоры қызметін атқарды. Мұнан соң аудандық байланыс торабын басқарды. Осы жұмыста екі жыл болып, кент әкімдігіне келді.

2010 жылы шілде айында сол кездегі аудан әкімі А.Көшербаев «Егемен Қазақстан» газетіне: «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында

Қазалы ауданы елді мекендердің сәулеттік келбетін жақсарту да басты мақсат болып отыр. Өйткені би кентінен Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы жаңа квартал ашылады. Одан бөлек Ауған соғысында қаза тапқан қазалылықтарға арналған Тағзым алаңына аббатандыру жұмыстары жүргізілді. Кенттің орталық көшелерін, алаңдар мен гүлзарларды, саябақтарды, ескерткіштерді аббатандыруға байланысты гүл көшеттерін, газондар мен гүл табақшаларын орналастыру жоспарланып отыр. Жалантос Бабадур атындағы стадионды қайта жаңғырту жұмыстарына 37 млн теңге қарастырылды...», – деп сұқбат берген екен. Осы жұмыстардың тікелей басы-қасында кент әкімі Дүйсенов жүрді. Оның сол кездердегі аудан орталығы тұрғындарынан алған алғысы да алабет. Өйткенібілкітер өз әкімдеріне әрқашан дән разы болды. Әсіресе тұрғындарға кенттің 5 квартал аумағына бағдарлама жасап, әкімнің бөлімшесін ашып, барлық анықтама құжаттарды сол жерден бергізілуі ерекше жаңалық болған елі.

2012 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан ветеринариялық бақылау-қадағалау инспекциясы құрылып, Дүйсенов аудандық инспекцияның басшысы болды. Мұнан соң 2019 жылға дейін Қазалы аудандық ветеринариялық стансының директоры қызметін атқарды. Сөйтіп, кейінгі жеті жылда өзінің қасиби мамандығы бойынша еңбек етті. Қанша жыл әр сала кезінде жүрсе де «менің бірінші орынбасарлығына жоғарылады. Осы жылдары ұйымдастырушылығымен, жанапшылығымен, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін жұртшылығымен жарқырай көрінді. Бес жылдық бірінші орынбасарлықтан кейін Азық-түлік келісім шарт корпорациясының №6 Астық базасының директоры қызметін атқарды. Мұнан соң аудандық байланыс торабын басқарды. Осы жұмыста екі жыл болып, кент әкімдігіне келді.

Бүгінде Мәлкәйдар аға жетпіс жастың жемісін жеп, бейнетің зейнетін татып келеді. Отанасы Бақыт ағай екеуі алты қыз, бір ұл бала тәрбиелеп өсіріп, олардан тараған ұрпақтың қызығына ұйып отыр. Мұнан қызық ба бар ма? Мен де осындай болсам екен дейтін-ақ құмыр емес пе? Дүние-сарай дидары ашық адамға төр берелі дейтін бе елі, мен сол төрде төредей болып отырған Мәлкәйдар ағамды көремін...

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 1 000 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз ✓ өте тез!
- ✓ алты жылға дейін
- ✓ жоғары несиелік

ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!



Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

КР Ұлттық Банктен №K201y00000355 лицензиясы берілген

ХАБАРИАМАЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-43). «Құмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігінде мұнай коллекторларын салу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-15). «Қызылқия кенішінде 541 ұңғыманы салу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

